

**"Ядролық терроризм актілерімен күрес туралы халықаралық конвенция жасасу туралы"
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 қыркүйектегі N 912 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ядролық терроризм актілерімен күрес туралы халықаралық конвенция жасасу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ Ядролық терроризм актілерімен күрес туралы
халықаралық конвенция жасасу туралы**

Мемлекеттер арасындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету және халықаралық терроризмнің алдын алу, жолын кесу және оны жою жөніндегі шараларды іске асыру мақсатында және халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында **ҚАУЛЫ Е Т Е М І Н :**

1. Қазақстан Республикасының атынан Ядролық терроризм актілерімен күрес туралы халықаралық конвенция жасасылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**ЯДРОЛЫҚ ТЕРРОРИЗМ АКТІЛЕРІМЕН
КҮРЕС ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНВЕНЦИЯ Біріккен Ұлттар Ұйымы
2005**

**Ядролық терроризм актілерімен
күрес туралы халықаралық конвенция**

Осы Конвенцияға қатысушы-мемлекеттер халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті және тату көршілік пен достық қарым-қатынастарды дамытуды және мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты қолдауға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымы

Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарын *назарға ала отырып* ,
Біріккен Ұлттар Ұйымының елу жылдығына орай 1995 жылғы 24 қазандағы
Декларацияға *сүйене отырып* ,

барлық мемлекеттердің атом энергиясын бейбіт мақсаттарда дамытуға және
қолдануға және олардың атом энергиясын бейбіт мақсаттарда қолдану нәтижесінде
алуы мүмкін пайдаларына заңды мүдделілігі құқығын *мойындай отырып* ,
ядролық материалды физикалық қорғау туралы 1980 жылғы Конвенцияны *назарға*
ала отырып ,

бүкіл әлем бойынша терроризм актілерінің барлық нысандары мен білінулерінің
ұлғаюына *қатты мазасыздық білдіре отырып* ,

халықаралық терроризмді жою жөніндегі шаралар туралы, атап айтқанда Біріккен
Ұлттар Ұйымының қатысушы-мүшелері қай жерде және кім жүзеге асырмасын, оның
ішінде мемлекеттер мен халықтар арасында достық қарым-қатынастарға қауіп
төндіретін және мемлекеттердің аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігіне қатер
төндіретін қылмыстық және ақталуға жатпайтын барлық актілерді, терроризмнің
әдістері мен практикаларын сөзсіз айыптайтынын салтанатты түрде растайтын Бас
Ассамблеяның 1994 жылғы 9 желтоқсандағы 49/60 қарары құрамындағы қосымшаның
Декларациясына *сүйене отырып* ,

Декларацияда, сонымен қатар мемлекеттерге тығыз түрде осы мәселенің барлық
аспектілерін қамтитын, жаппай қамтитын құқықтық шеңберлердің болуын қамтамасыз
ету мақсатында терроризмнің барлық нысандары мен білінулерінің алдын алу, жолын
кесу және жою туралы қазіргі халықаралық-құқықтық ережелерді қолдану аясына
шұғыл түрде шолу жүргізу ұсынылатынын *атай отырып* ,

Бас Ассамблеяның 1996 жылғы 17 желтоқсандағы 51/210 қарарына және
Халықаралық терроризмді жою жөніндегі шаралар туралы 1994 жылғы декларацияны
толықтыратын қосымшаның Декларациясына *сүйене отырып* ,

Бас Ассамблеяның 51/210 қарарын орындау үшін, атап айтқанда тиісті қазіргі
халықаралық құжаттарды толықтыру мақсатында ядролық терроризм актілерімен күрес
туралы халықаралық конвенцияны жасау үшін арнайы комитет құрылғанын *атай*
отырып ,

ядролық терроризм актілері айтарлықтай зардаптарға әкеп соқтыруы мүмкін
екендігін және халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төндіру мүмкін
екендігін *атай отырып* ,

сондай-ақ бұрыннан бар көпжақты халықаралық құқық ережелерінде бұл
шабуылдар тиісінше қаралмайтындығын *атай отырып* ,

терроризмнің мұндай актілерінің алдын алу үшін және қылмыстық қудалау мен
кінәлілерді жазалау үшін тиімді, практикалық шараларды қабылдау мен әзірлеуде
мемлекеттер арасындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтудың табанды
қажеттілігіне *көз жеткізе отырып* ,

мемлекеттердің қарулы күштерінің әрекеті осы Конвенцияның шеңберінен тыс халықаралық құқық нормаларымен реттелінетінін және осы Конвенцияның қолданылу аясынан кейбір әрекеттерді алып тастау өзге де заңсыз қатынастарындағы актілерді жауапкершіліктен босатпайтынын, оларды заңды етпейтінін және басқа заңдардың негізінде жауапкершілікке тартуға кедергі келтірмейтінін *атай отырып*, төмендегілер туралы *келісті* :

1-бап

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

1. "Радиоактивті материал" ядролық материалды және құрамында өздігінен ыдырайтын (иондаушы сәулеленудің бір немесе бірнеше түрлерін, мысалы альфа-сәулелену, бета-сәулелену, нейтронды сәулелену және гамма сәулелену шығарумен болатын процесс) және өздерінің радиологиялық ерекшеліктерінің әсерінен немесе өзінің өлімге, айтарлықтай зақымға не меншікке немесе қоршаған ортаға айтарлықтай залал келтіруі мүмкін нуклидтер бөлу ерекшеліктерімен басқа да радиоактивті заттарды білдіреді.

2. "Ядролық материал" плутоний-238 бойынша 80 пайыздан асатын изотоптардың шоғырлануындағы плутонийден басқа плутонийді; уран-233; уран-235 немесе уран-233 изотоптарымен байытылған уранды; табиғатта кеннен немесе кен қалдықтарынан ерекшеленетін нысанда кездесетін изотоптардың қоспасынан тұратын уранды; және жоғарыда аталған элементтердің біреуін немесе одан көбін қамтитын кез келген материалды білдіреді;

"уран-235 немесе уран-233 изотоптарымен байытылған урандағы" уран-235 немесе уран-233 изотоптарын қамтитын уранды немесе екі изотоптың мөлшері осы изотоптардың сомаларының артық пайызы уран-238 изотопымен салыстырғанда уран-235 изотопының пайызынан жоғары, табиғатта кездесетін уран-238 изотопымен салыстырғанда уран-235 изотопының пайызынан жоғары уранды білдіреді.

3. "Ядролық объект" :

а) теңіз кемелерінде, көлік құралдарында, ұшу аппараттарында немесе ғарыш объектілерінде осындай кемелерді, көлік құралдарын, ұшу аппараттарын немесе ғарыш объектілерін қозғалысқа келтіру үшін немесе кез келген басқа мақсат үшін энергия көзі ретінде пайдалану үшін орнатылған реакторларды қоса алғанда, кез келген ядролық реакторды ;

б) радиоактивті материалды өндіру, сақтау, өңдеу немесе тасымалдау үшін қолданылатын кез келген құрылысты немесе қатынас құралдарын білдіреді.

4. "Құрылғы" :

а) кез келген ядролық жарылғыш құрылғыны; немесе

б) кез келген радиоактивті материалды таратушы немесе өзінің радиологиялық

5. "Мемлекеттік немесе үкіметтік объекті" мемлекеттің өкілдері, үкімет мүшелері, заң немесе сот органдарының өкілдері, не өкімет билігі органының немесе өзге мемлекеттік органның немесе мекеменің лауазымды тұлғалары немесе қызметшілері, не үкіметаралық ұйымның қызметшілері немесе лауазымды тұлғалары өзінің қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты пайдаланатын немесе айналысатын кез келген тұрақты немесе уақытша объектіні, немесе көлік құралын білдіреді.

6. "Мемлекеттің қарулы күштері" оның ішкі заңнамасына сәйкес бірінші кезекте ұлттық қорғаныс немесе қауіпсіздік міндеттерін орындау үшін ұйымдастырылған, оқытылған және жарақтандырылған мемлекеттің қарулы күштерін және олардың ресми әмірінде, бақылауында және жауапкершілігінде болатын осы қарулы күштерді қолдауға әрекет ететін тұлғаларды білдіреді.

1. Кез келген адам осы Конвенцияның мәні бойынша қылмыс жасайды, егер ол
з а ң с ы з ж ә н е қ а с а қ а н а :

а) радиоактивті материалды иеленсе не құрылғыны дайындаса немесе оны иеленсе:

- i) өлім немесе ауыр жарақат келтіру ниетімен; немесе
- ii) меншікке немесе қоршаған ортаға айтарлықтай залал келтіру ниетімен;

б) радиоактивті материалды немесе құрылғыны кез келген түрде пайдаланса не ядролық объектіні босату жүргізілетіндей немесе радиоактивті материалды босату қаупі туындайтындай пайдаланса немесе зақым келтірсе:

i) өлім немесе ауыр жарақат келтіру ниетімен; немесе
ii) меншікке немесе қоршаған ортаға айтарлықтай залал келтіру ниетімен; немесе
iii) жеке немесе заңды тұлғаны халықаралық ұйымға немесе мемлекетке қандай да болсын әрекетті жасауға немесе одан қалыс қалуға мәжбүр ету ниетімен.

а) осы баптың 1 б-тармағында көрсетілген қылмысты жасауға қоқан-лоққы көрсетсе, сонымен бірге осы қауіптің нақтылығын көрсететін белгілер болса; немесе
б) радиоактивті материалды, құрылғыны немесе ядролық объектіні заңсыз және қасақана талап етсе, бұл ретте осы қауіптің нақтылығын көрсететін жағдайларға, не күш қолдануға сүйенетін болса.

4. Сонымен бірге кез келген адам, егер ол:

а) осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарында көрсетілген қылмыстың қандай да болмасын біреуін жасауға бірге қатысушы ретінде қатысса; немесе

б) осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарында көрсетілген қылмыстың қандай да болмасын біреуін жасау мақсатында басқа адамдарды ұйымдастырса немесе оларға басшылық жасаса қылмыс жасайды; немесе

с) жалпы мақсатта әрекет ететін адамдар тобымен осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарында көрсетілген қылмыстың біреуін немесе одан көбін жасауға кез келген басқа түрде жәрдемдессе; мұндай жәрдемдесу қасақана және не қылмыстық әрекеттің жалпы сипатын немесе топтың мақсатын қолдау мақсаттарында немесе тиісті қылмысты немесе қылмыстарды жасауға топтың ниетін қаскүнемдік түсінгендігі болып табылуы тиіс.

3-бап

Осы Конвенция мынадай жағдайларда қолданылмайды: егер қылмыс бір мемлекетте жасалса, болжамды қылмыскер мен жәбірленуші осы мемлекеттің азаматтары болып табылса, болжамды қылмыскер осы мемлекеттің аумағынан табылса және ешқандай басқа мемлекет 9-баптың 1 немесе 2-тармағына сәйкес өзінің заңдық хукімін жүзеге асыру үшін негізге ие болмаса, осы оқиғаларға тиісті жағдайларда 7, 12, 14, 15, 16 және 17-баптардың ережелерін қолдануды жоққа шығармайды.

4-бап

1. Осы Конвенциядағы ештеңе де халықаралық құқыққа, атап айтқанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарына және халықаралық гуманитарлық құқыққа сәйкес мемлекеттер мен адамдардың басқа құқықтарын, міндеттемелері мен міндеттерін қозғамайды.

2. Қарулы қақтығыс кезіндегі қарулы күштердің әрекеттері, бұл терминдер осы құқықпен реттелетін халықаралық гуманитарлық құқықта түсіндірілетіндей осы Конвенциямен реттелмейді, онымен сол сияқты олар халықаралық құқықтың басқа да нормаларымен реттелінгендіктен мемлекеттің қарулы күштері олардың ресми функцияларын жүзеге асыру мақсатында қолданатын әрекеттері онымен реттелінбейді.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелері өзге қатынастардағы заңсыз актілерді мақұлдаушы немесе заңды ететін болып немесе басқа заңдардың негізінде жауапкершілікке тартуға кедергі келтіруші ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

4. Осы Конвенция мемлекеттердің ядролық қаруды қолдануға қатысты болмайды және ешбір түрде қолданудың заңдылығы туралы немесе қолдану қаупі туралы мәселеге қатысты түсіндірілуі мүмкін емес.

5-бап

Әрбір қатысушы-мемлекет мыналарға қандай қажет болуы мүмкін сондай шараларды қабылдайды:

а) 2-бапта көрсетілген әрекеттерді оның ұлттық заңнамасына сәйкес қылмыстық іс деп мойындау үшін;

б) осы қылмыстардың ауыр сипатын ескерумен осы қылмыстар үшін тиісті жазаларды белгілеу үшін.

6-бап

Әрбір қатысушы-мемлекет қандай қажет болып табылатын болса, оның ішінде ішкі заңнама саласындағы тиісті жағдайларда, осы Конвенцияның әрекетіне түсетін қылмыстық әрекеттердің, атап айтқанда халық, адамдар тобының немесе нақты адамдардың арасында террорлық жағдай жасауға бағытталғандардың немесе есептелгендердің, ешбір жағдайда саяси, философиялық, идеологиялық, нәсілдік, этникалық, діндарлық немесе өзге де осыған ұқсас сипаттағы қандай да болмасын пікірлер бойынша ақтауға жатпауын және олардың ауырлық дәрежесіне орай жазаға тартылуын қамтамасыз ету үшін сондай шараларды қабылдайды.

7-бап

1. Қ а т ы с у ш ы - м е м л е к е т т е р :

а) қажет кезінде, 2-бапта көрсетілген қылмыстарды жасауға олардың тиісті аумақтары шектерінде дайындаудың алдын алу мақсаттарында өзінің ұлттық заңнамасын бейімдеуді, олардың аумақтарының шектерінде немесе шектерінен тыс және мұндай дайындыққа қарсы әрекеттерді, оның ішінде олардың аумақтарында осы қылмыстарды марапаттайтын, арандататын, ұйымдастыратын, қасақана қаржыландыратын немесе қасақана техникалық көмек көрсететін немесе ақпарат беретін немесе осы қылмыстарды жасауға қатысатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың заңсыз қызметіне тыйым салу жөніндегі шараларды қоса алғанда, барлық мүмкін болатын шараларды қабылдау;

б) өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес және осы бапта көзделінген тәртіппен жағдайларда және әкімшілік және ол 2-бапта көрсетілген қылмыстарды табу, алдын алу, жолын кесу және тергеу жүргізу мақсаттарында, сондай-ақ осындай қылмыстарды жасауда айыпталатын адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту мақсаттарында қажет болған кезде қабылданатын басқа да шараларды үйлестіруде, дәл және тексерілген ақпарат алмасумен. Атап айтқанда, қатысушы-мемлекет 2-бапта көрсетілген қылмыстардың жасалуына қатысты 9-бапта көрсетілген басқа мемлекеттерді кідіріссіз хабардар ету үшін, сондай-ақ оған белгілі осындай қылмыстарды жасауға дайындықтар туралы және орынды болғанда халықаралық ұйымдарды хабардар ету тең сияқты тиісті шаралар қабылдау жолымен

ы н т ы м а қ т а с а д ы .

2. Қатысушы мемлекеттер осы Конвенцияның күшімен құпия немесе осы Конвенцияны жүзеге асыру мақсатында өткізілген қызметке қатысу нәтижесінде басқа қатысушы мемлекеттен алатын кез-келген ақпараттың құпиялылығын қорғау үшін өзінің ұлттық заңнамасына сыйымды тиісті шараларды қабылдайды. Егер қатысушы мемлекеттер халықаралық ұйымдарға ақпаратты құпия түрде берсе, онда мұндай ақпараттардың құпиялылығын қорғауды қамтамасыз ету үшін шаралар қабылданады.

3. Осы Конвенцияға сәйкес ұлттық заңнамамен келісе отырып қатысушы мемлекеттер қауіп төндіретін олар таратуға құқығы жоқ немесе мүдделі мемлекетті немесе ядролық материалды физикалық қорғауда қатысушы мемлекеттерден қандай да бір ақпаратты беру талап етілмейді.

4. Қатысушы мемлекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына осы бапта көрсетілген ақпараттарды жолдауға немесе алуға жауапты өз құзырлы органдары немесе байланыс пункттері туралы ақпарат береді. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы құзырлы органдар мен байланыс пункттері туралы мұндай ақпаратты барлық қатысушы мемлекеттерге және Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікке хабарлайды. Осындай органдар мен байланыс пункттеріне тұрақты негізде қол жеткізілуі тиіс.

8-бап

Осы Конвенцияның мәні бойынша қылмыстың алдын-алу мақсаттары үшін қатысушы мемлекеттер Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің тиісті ұсынымдары мен функцияларын ескерумен радиоактивті материалды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі тиісті шараларды қабылдауға барлық күштерін салады.

9-бап

1. Әрбір қатысушы мемлекет 2-бапта көрсетілген қылмысқа қатысты оның заңдық хүкімін белгілеу үшін қандай қажетті болса сондай шараларды қабылдайды:

а) қылмыс осы мемлекеттің аумағында жасалса;

н е м е с е

б) қылмыс қылмыс жасалған мезетте осы мемлекеттің заңына сәйкес тіркелген қылмыс осы мемлекеттің туы астында жүзген кеме бортында немесе әуе кемелерінде ж а с а л с а ;

н е м е с е

с) қылмыс осы мемлекеттің азаматымен жасалса.

2. Қатысушы мемлекет сондай-ақ өзінің заңдық хүкімін осындай кез-келген қылмысқа қатысты белгілей алады:

а) қылмыс осы мемлекеттің азаматына қарсы жасалса;

н е м е с е

b) қылмыс осы мемлекеттің елшілігін немесе өзге дипломатиялық немесе консулдық өкілдігінің үй-жайларын қоса алғанда шетелдегі осы мемлекеттің мемлекеттік немесе үкіметтік объектілеріне қарсы жасалса;

н е м е с е

c) қылмысты әдетте осы мемлекеттің аумағында тұратын азаматтығы жоқ тұлға ж а с а с а ;

н е м е с е

d) қылмыс осы мемлекетке қандай да бір іс-қимыл жасауға немесе одан қалыс қалуға мәжбүрлеу әрекетінде жасалса;

н е м е с е

e) қылмыс осы мемлекеттің үкіметі пайдаланған әуе кемелері бортында жасалса.

3. Осы Конвенцияны ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу кезінде әрбір қатысушы мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының бас хатшысын оларға өзінің ұлттық заңнамасы негізінде осы баптың 2-тармағына сәйкес заңдық хүкім белгілеу туралы хабардар етеді. Қандай да бір өзгертулер болған жағдайда тиісті қатысушы мемлекет бұл туралы Бас хатшыны кідіріссіз хабардар етеді.

4. Әрбір қатысушы мемлекет сондай-ақ қылмыскер деп болжанған адам оның аумағында болса және ол оны осы баптардың 1 немесе 2 тармақтарына сәйкес өз заңнамалық хүкімін белгілеген бірде-бір қатысушы мемлекеттерге бермеген жағдайда, 2-бапта көрсетілген қылмыстарға қатысты оның заңдық хүкімін белгілеу үшін қажетті болып табылатын осындай шараларды қабылдайды.

5. Осы Конвенция оның ұлттық заңнамасына сәйкес қатысушы мемлекет белгілеген қылмыстық заңдық хүкімді мынандай жүзеге асыруды жоққа шығармайды.

10-бап

1. Қатысушы мемлекет, 2-бапта көрсетілген қылмыс оның аумағында жасалғаны немесе жасалып жатқаны немесе қылмыс жасаған немесе оның аумағында болуы мүмкін осындай қылмысты жасады деп болжанған тұлға туралы ақпаратты ала отырып, осы ақпараттар көрсетілген фактілерді тергеу үшін оның ұлттық заңнамасына сәйкес қажетті болып табылатын осындай шараларды қабылдайды.

2. Жағдай соны талап ететіне көз жеткізгеннен соң аумақтағы қылмыскер немесе қылмыскер деп болжанған тұлға тұратын қатысушы мемлекет болатын қылмыстық қуғындау немесе тапсыру мақсаттары үшін оның қатысуын қамтамасыз ету жөніндегі тиісті шараларды өз ұлттық заңнамасына сәйкес қабылдайды.

3. Оған қатысты осы баптың 2-тармағында айтылған шаралар қабылданатын к е з - к е л г е н т ұ л ғ а :

a) соның азаматы болып табылатын, сол мемлекеттің немесе өзге мақсатпен сол

тұлғаның құқығын заңды қорғайтын мемлекеттің ең жақын жердегі тиісті өкілімен немесе егер, ол азаматтық алмаған тұлға болса, әдетте аумақта тұратын мемлекет өкілімен тоқтаусыз байланысу;

б) осы мемлекеттің өкіліне келуі;

с) а) және б) тармақшаларына сәйкес өз құқығы туралы хабардар болу құқығы бар.

4. осы баптың 3-тармағында айтылған құқық қылмыскер немесе қылмыскер деп болжанған адам аумағында болатын, мемлекеттің заңына сәйкес жүзеге асырылады соның өзінде де аталған заңнаманың 3-тармағына сәйкес сол үшін берілетін құқық белгіленген мақсатқа толық жету мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

5. Осы баптың 3 және 4-тармақтарының ережелері 9-баптың 1-ші немесе 2-тармақтарына сәйкес заң хүкімінен үміттенетін кез-келген қатысушы мемлекеттің құқығына зиян келтірмейді, Қызыл Крестің халықаралық комитетінен қылмыскер деп болжанған адаммен байланысуды немесе оған кіріп шығуды сұрайды.

6. Осы бапқа сәйкес қатысушы-мемлекет адамды тұтқынға алғаннан кейін, ол 9-баптың 1-ші және 2-тармақтарына сәйкес заң хүкімін белгілеген қатысушы мемлекеттерге тікелей Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы арқылы және егер ол мұндай тұлғаның тұтқынға алынған фактісі туралы және оны жағдайы туралы оның ұсталуын талап ететін мақсатқа сай деп тапса кез-келген өзге де мүдделі қатысушы мемлекеттерге іркіліссіз хабарлау керек. Осы баптың 1-тармағында көзделген тергеуді жүргізетін мемлекет, айтылған қатысушы мемлекеттерді өзінің шешімдері туралы жедел хабардар етеді және ол заң хүкімін жүзеге асыруды ниет ете ме соны хабарлайды .

11-бап

1. Қылмыскер деп болжанған тұлға табылған аумақтағы қатысушы мемлекет 9-бап қолданылған жағдайда, егер ол осы тұлғаны ұстап бермесе, оның аумағында қылмыс жасалды ма әлде жоқ па қандай да бір ерекше белгілеріне қарамастан өз заңнамасына сәйкес тексеру өткізу жолымен қылмыстық қудалау мақсатта ақталмаған істі өз күзіретті органдарына тоқтаусыз табыстауға міндетті. Бұл органдар сол мемлекеттің заңнамасына сәйкес ауыр сипаттағы кез-келген басқа қылмыстар жағдайындағыдай түрде шешім қабылдайды .

2. Барлық жағдайда Қатысушы мемлекеттің ұлттық заңнамасы оған өзінің азаматтарының біреуін тек осы тұлға осы мемлекетке сотта істі қылмыстық тексеру немесе қарау шешімдері шығарылған үкім бойынша жазасын өтеу үшін шығарылған үкім бойынша жазасын өтеу үшін қайтарылады деген шартпен және осы мемлекетпен осы тұлғаны ұстап беру туралы өтініш жасаушы мемлекет осы нұсқамен және олар орынды деп тапқан басқа да шарттармен келіскен жағдайда ғана осы баптың 1-тармағында айтылған міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болып табылатын

осындай шарттасқан ұстап беру немесе тапсыруды орынды деп таныса, осы нұсқамен және өзге де шарттармен келісе отырып осы тұлғаны беру туралы өтініш жасайтын осы мемлекет пен мемлекет осы тұлғаны беру немесе тапсыруға сұрау салынған сол мемлекетке қайтатын жағдайда өз азаматтарының бірін ұстап беруге немесе өзге мақсатта тапсыруға рұқсат етеді.

12-бап

Осы Конвенцияға сәйкес қамауға алынған немесе оған қатысты кез-келген өзге шаралар қабылданған немесе тексеру жүзеге асырылатын кез-келген адамға әділ қарау, оның ішінде және сол тұлға туралы аумақта мемлекеттің заңнамасына сәйкес барлық құқықтармен кепілдемелерді адам құқықтары туралы ережелерді қосқанда қолданылатын халықаралық құқық ережелерді қолдануға кепілдеме беріледі.

13-бап

1. 2-бапта көрсетілген қылмыс осы Конвенция күшіне енгенге дейін қандай да бір қатысушы мемлекеттер арасында жасалған ұстап беру туралы кез-келген шарт ұстап беруге әкеп соқтыратын қылмыстар ретіне қосуға жататын болып есептеледі. Қатысушы мемлекеттер соның ізінше олардың арасында жасалатын беру туралы барлық шарттарды, беруге әкеп соқтыратын осындай қылмыстарды қылмыстар ретіне қ о с у ғ а м і н д е т т е н е д і .

2. Қатысушы мемлекет, шарттың болуымен ұстап беруге шарттасатын болса, олармен ұстап беру туралы шарттары жоқ басқа қатысушы мемлекеттен ұстап беру туралы өтінішті ала алады, сұрау салынатын мемлекет өз қалауы бойынша 2-бапта көрсетілген қылмысқа байланысты ұстап беру үшін құқықтық негіздемелер ретінде осы Конвенцияны қарай алады. Ұстап беру сұрау салынатын мемлекеттің заңнамасында қаралған өзге шарттардың сақталуымен жүзеге асырылады.

3. Қолда бар шарттармен беруге шарттаспаған қатысушы мемлекеттер 2-бапта көрсетілген қылмыстарды сұралатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес қаралған шарттардың сақталуымен беруді тудыратын қылмыс ретінде өзара қарайды.

4. 2-бапта көрсетілген қылмыс қажет болған жағдайда егер олар тек қана олардың жасалған жерінде (орнында) ғана емес, сондай-ақ 9-баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес өз заңдық хүкімін белгілеген мемлекеттердің аумақтарында жасалса ұстап беру мақсатында қатысушы мемлекеттермен қаралады.

5. 2-бапта көрсетілген қылмыстармен байланысты қатысушы мемлекеттер арасындағы беру туралы барлық шарттар мен уағдаластықтардың ережелері қатысушы мемлекеттерге қатысты олар осы Конвенциямен сыйыспайтын шамада өзгертілген болып есептеледі.

14-бап

1. Қатысушы мемлекеттер тексеру үшін қажетті олардың қолында бар айғақтамаларды алу жәрдемін қосқанда 2-бапта көрсетілгендей қылмыстарға қатысты басталған тексерулермен, қылмыстық қудалаулармен немесе ұстап беру тәртібіне байланысты бір-біріне барынша көмек көрсетеді.

2. Қатысушы мемлекеттер олардың арасында болуы мүмкін өзара құқықтық көмек туралы кез-келген шарттармен немесе өзге уағдаластықтарға сәйкес осы баптың 1-тармағы бойынша өз міндеттемелерін орындайды. Осындай шарттар мен уағдаластықтар болмағанда қатысушы мемлекеттер олардың ұлттық заңнамасына сәйкес бір-біріне көмек көрсетеді.

15-бап

2-бапта көрсетілген қылмыстың бірде-бірі ұстап беру мақсаты үшін немесе саяси қылмыс ретінде сияқты өзара құқықтық көмек немесе саяси қылмыспен байланысты қылмыс немесе саяси уәждерді туындататын қылмыс қылмыс ретінде қаралмайды. Сондықтан осындай қылмыспен байланысты ұстап беру немесе өзара құқықтық көмек туралы өтініштен тек ол саяси қылмыстарға немесе саяси қылмыспен байланысты қылмыстарға немесе саяси уәждерді туындататын қылмыстарға қатысты болғаны үшін қабылданбай тасталуы мүмкін емес.

16-бап

Осы Конвенцияда ештеңе де қандай да бір тұлғаны ұстап беру немесе өзара көмек көрсету, егер сұрау салатын қатысушы мемлекеттің 2-бапта айтылған қылмыспен байланысты дәлелді негіздемелері болса ұстап беру туралы өтініш немесе өзара құқықтық көмек осындай қылмыстарға қатысты қылмыстық қуғындау мақсатында немесе осы тұлғаның жазасы оның нәсіліне, дінге сенуіне, азаматтығына, этникалық тегіне немесе саяси нанымы жөніндегі себептер бойынша немесе осы өтініштерді қанағаттандыру, сол тұлғаның жағдайына осы себептердің кез-келгенімен зиян алып келтіретін болса міндеттеме салыну ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

17-бап

1. Бір қатысушы-мемлекетте қамауда отырған немесе жаза мерзімін өтеуде жүрген және көрсетулерді беру, жеке басын анықтау немесе осы Конвенцияға сәйкес қылмыстарға байланысты тергеу немесе қылмыстық тергеу үшін дәлелдемелер алуда өзге де көмектер көрсету мақсатында басқа қатысушы мемлекетте болуы талап етілетін тұлға мынадай шарттарды сақтаумен берілуі мүмкін:

а) бұл тұлға толық ақпарат негізінде оған өзінің келісімін еркін береді; және
б) екі елдің де құзыретті өкіметі, осы мемлекеттер қолдануға болады деп есептейтін шарттармен, келісімге қол жеткізді.

2. Осы баптың мақсаттары үшін:

а) оған адам табысталатын мемлекет, егер тек осы адамды табысталған мемлекеттер өзге туралы сұрамаса немесе басқаға рұқсат етпесе, табысталған кісіні қамауда ұстауға қ ұ қ ы л ы ж ә н е м і н д е т т і ;

б) адам табыс етілген мемлекет, екі мемлекеттің құзыретті тұлғалары осы адамды қайтару жөнінде алдын ала келісілгендей немесе екі елдің құзыретті өкіметтерімен өзгеше бір түрде келісілгендей бұрын табыс еткен мемлекеттің иелігіне қайтару жөніндегі өзінің міндеттемесін кідіріссіз орындайтын болады;

с) адам табыс етілген мемлекет, осы адамды табыс еткен мемлекеттен оны қайтып беру үшін қайтарып беру тәртібін қозғауды талап етпеуі тиіс;

д) табыс етілген адамға ол табысталған мемлекетте өтелетін жазалау мерзіміне ол табысталған мемлекетте қамауда ұсталған мерзімі қоса есептеледі.

3. Қатысушы мемлекеттің келісімінсіз одан осы бапқа сәйкес табыс етілуі тиіс болатын сол немесе өзге бір адам, оның азаматтығынан тәуелсіз бұл адам қудалануға немесе қамауда ұсталуға жатпайды және ол берілген мемлекеттің аумағынан кеткенге дейін іс-әрекетіне немесе оған қатысты шығарылған үкімге байланысты осы адам тапсырылған мемлекеттің аумағында оның жеке басының еркіндігіне қатысты қандай да болмасын өзге бір шектеулерге ұшыратылуы тиіс емес.

18-бап

1. Басып алып немесе өзгеше бір түрде өзінің бақылауына алынған 2-бапта сипатталған қылмыс жасалғаннан кейін мұндай заттарға ие қатысушы мемлекет:

а) радиоактивті материалдар, қондырғылар немесе ядролық объектілерді зиянсыздандыру мақсатында шаралар қолданады;

б) кез келген ядролық материал Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік қолданатын кепілдіктерге сәйкес сақталуын қамтамасыз етеді; және

с) Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік жариялаған физикалық қорғаныш және денсаулық пен қауіпсіздік саласындағы стандарттар бойынша ұ с ы н ы м д а р д ы е с к е р е д і .

2. 2-бапта сипатталған қылмысқа байланысты кез келген талқылаулардың аяқталуы бойынша немесе егер оны халықаралық құқық талап ететін болса, одан да ертерек, мүдделі қатысушы мемлекеттермен консультациядан кейін (атап айтқанда қайтару және сақтау шарттары бойынша) кез келген радиоактивті материал, қондырғы немесе ядролық объекті соған тиесілі қатысушы мемлекетке, осындай радиоактивті материалдар, қондырғылар немесе ядролық объектілердің иесі болып табылатын заңды

тұлға немесе жеке тұлға азаматы немесе тұрғыны болып табылатын қатысушы мемлекетке не олар аумағынан ұрланған немесе өзге бір түрде заңсыз алынған қатысушы мемлекетке қайтарылады.

3. а) Егер мемлекетішілік немесе халықаралық құқық қатысушы мемлекетке мұндай радиоактивті материалдар, қондырғылар немесе ядролық объектілерді қайтаруға немесе қабылдауға тыйым салса немесе бұл туралы мүдделі қатысушы мемлекеттер келіссе. Онда радиоактивті материалдар, қондырғылар немесе ядролық объектілерге ие қатысушы мемлекеттер осы баптың 3 b тармағын сақтау кезінде осы баптың 1-тармағында сипатталған шараларды қабылдауды жалғастырады; мұндай радиоактивті материалдар, қондырғылар немесе ядролық объектілер тек бейбіт жағдайға ғана қолданылатын болады;

б) Егер радиоактивті материалдар, қондырғылар немесе ядролық объектілерге ие қатысушы мемлекеттер үшін оларға ие болу заңсыз болатын болса, онда бұл мемлекеттер олар мұндай иелік заңды болып табылатын және оларды зиянсыздандыру мақсатында қажет болған жағдайда осы мемлекетпен кеңескен кезде осы баптың 1-тармағына талаптарға сәйкес сенім білдірген мемлекеттің иелігіне мүмкіндігінше тезірек тапсырылуын қамтамасыз етеді; мұндай радиоактивті материалдар, қондырғылар немесе ядролық объектілер тек бейбіт жағдайға ғана қолданылатын болады.

4. Егер осы баптың 1 және 2-тармақтарында айтылған радиоактивті материалдар, қондырғылар немесе ядролық объектілер қатысушы мемлекеттердің не қатысушы мемлекеттердің азаматтарының немесе тұрғындарының бір де біреуіне де жатпаса және қатысушы мемлекет аумағынан ұрланған немесе өзге бір түрде заңсыз алынбаса немесе егер бір де бір мемлекет мұндай заттарды алуға тілек білдірмесе, онда осы баптың 3 b тармағын сақтау кезінде мүдделі мемлекеттермен және кез келген тиісті халықаралық ұйымдармен оған қалай иелік ету туралы жеке шешім қабылданады.

5. Радиоактивті материалдар, қондырғылар немесе ядролық объектілерге ие қатысушы мемлекет осы баптың 1, 2, 3 және 4-тармақтарының мақсаттары үшін басқа қатысушы мемлекеттерден, атап айтқанда мүдделі қатысушы мемлекеттер және кез келген тиісті халықаралық ұйымдардан, атап айтқанда Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктен көмек сұрай немесе ынтымақтастық туралы өтініш жасай алады. Қатысушы мемлекеттерге және тиісті халықаралық ұйымдарға осы бапқа сәйкес ең көп мүмкін дәрежеде жәрдем көрсетуге кеңес беріледі.

6. Радиоактивті материалдар, қондырғылар немесе ядролық объектілерге қалай ие болу керегімен немесе оларды сақтаумен айналысатын Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің бас директорына мұндай затпен қандай түрде билік жасағаны немесе сақтағаны туралы ақпарат береді. Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің бас директоры бұл ақпаратты басқа қатысушы мемлекеттерге жолдайды.

7. 2-бапта сипатталған қылмысқа байланысты таратылса, онда осы бапта ештеңе

ешбір түрде ядролық зиян үшін жауапкершілікті реттеуші халықаралық құқықтың нормаларын немесе халықаралық құқықтың өзге де нормаларын қозғамайды.

19-бап

Болжамданған қылмыскер шартты қудалауға ұшыратылған қатысушы мемлекет өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес немесе талқылаудың ақырғы нәтижесі туралы қолдануға болатын рәсімдерімен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына хабарлайды. Ол бұл ақпаратты басқа қатысушы мемлекеттерге жолдайды.

20-бап

Қатысушы мемлекеттер бір-бірімен тікелей немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы арқылы және болған жерде халықаралық ұйымдардың көмегімен осы Конвенцияның тиімді жүзеге асырылуы үшін консультациялар жүргізеді.

21-бап

Қатысушы мемлекеттер осы Конвенция бойынша өзінің міндеттемелерін бұл тәуелсіз теңдік және мемлекеттердің аумақтық тұтастығының принциптеріне және басқа мемлекеттің ішкі істеріне араласпау принципіне жауап беретін түрде орындайды.

22-бап

Осы Конвенцияда ешнәрсе де қатысушы мемлекетке басқа қатысушы мемлекеттің аумағында, осы басқа қатысушы мемлекет өкіметінің оның ұлттық заңнамасына сәйкес айырықша құзыретіне енетін заңдық хүкімі мен функциясын жүзеге асыруға құқық бермейді.

23-бап

1. Екі немесе одан да көп қатысушы мемлекеттер арасындағы осы Конвенцияны түсіндіруге немесе қолдануға қатысты, ақылға қонымды уақыт ішінде келіссөз жүргізу жолымен реттеу мүмкін болмайтын, кез келген дау олардың біреуінің өтініші бойынша арбитражға беріледі. Егер арбитраж туралы өтініш жасалған күннен бастап алты ай ішінде тараптар оның ұйымымен келісе алмаса осы тараптардың кез келгені Соттың тиісті Мәртебесіне өтініш жасаумен, дауды Халықаралық Сотқа тапсыра алады.

2. Осы Конвенцияға қол қою, ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу кезінде осы баптың 1-тармағымен өзін байланысты деп есептемейтіндігі туралы өтініш бере алады. Басқа қатысушы мемлекеттер осындай ескерту жасаған кез келген қатысушы мемлекетке қатысты 1-тармақтың ережесімен байланысты болмайды.

3. Осы баптың 2-тармаққа сәйкес ескерту жасаған кез келген мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысын хабарландыру жолымен кез келген уақытта осы ескертуді алып тастай алады.

24-бап

1. Осы Конвенция 2005 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2006 жылдың 31 желтоқсанына дейін Нью-Йорктегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемесінде барлық мемлекеттердің қол қоюы үшін ашық.

2. Осы Конвенция ратификациялануға, қабылдануға немесе бекітілуге жатады. Қабылданғандығы немесе бекітілгендігі туралы ратификациялық грамоталар немесе құжаттар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады.

3. Осы Конвенция кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық. Қосылу туралы құжаттар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады.

25-бап

1. Осы Конвенция күшіне Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына қабылданғаны, бекітілгені немесе қосылғандығы туралы жиырма екінші ратификациялық грамотаны немесе құжатты сақтауға тапсырылғаннан кейінгі отызыншы күні күшіне енеді.

2. Кез келген мемлекет осы Конвенцияны ратифицирлеген, қабылдаған немесе бекіткен немесе қабылданғаны, бекітілгені немесе қосылғандығы туралы жиырма екінші ратификациялық грамотаны немесе құжатты сақтауға тапсырғаннан кейін оған қосылады, осы мемлекет өзінің қабылданғаны, бекітілгені немесе қосылғандығы туралы ратификациялық грамотасын немесе құжаттарын сақтауға тапсырғаннан кейін отызыншы күні Конвенция күшіне енеді.

26-бап

1. Қатысушы мемлекетте осы Конвенцияға түзету ұсына алады. Болжамдалып отырған түзетулер, оларды барлық қатысушы мемлекеттерге жіберетін, депозитарийге ұсынылады.

2. Болжамдалып отырған түзетулерді қарау үшін конференция шақырылғандығы туралы қатысушы мемлекеттердің көпшілігінің өтініштері алынуы бойынша депозитарий барлық қатысушы мемлекеттерді, шақыру жолданғаннан кейін кемінде үш ай өткеннен кейін өткізілетін мұндай конференцияға қатысуға шақырады.

3. Конференцияның қатысушылары түзетулерді бәтуаластықпен енгізу үшін барлық мүмкіндікті жасайды. Егер бұл мүмкін болмай шықса түзетулер барлық қатысушы мемлекеттердің дауыстарының көпшілігімен үштен бірімен қабылданады.

27-бап

1. Кез келген қатысушы мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысын жазбаша хабарландыру жолымен осы Конвенциядан бас тарта алады.

2. Бас тарту Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы хабарламаны алған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін күшіне енеді.

28-бап

Осы Конвенцияның мәтіндері ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және қазақ тілдеріндегі түпнұсқасы тең түпнұсқа болып табылады, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға беріледі, ол барлық мемлекеттерге Конвенцияның көшірмесін алдын ала таратады.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУҒА төменде қол қоюшылар өзінің тиісті үкіметтерімен тиісті түрде соған өкілеттендірілген Нью-Йорктегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемесінде барлық мемлекеттердің қол қоюы үшін 2005 жылғы 14 қыркүйекте ашылған осы Конвенцияға қол қойды.